

Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қызметі туралы ережені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 7 сәуірдегі № ҚР ДСМ - 34 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 8 сәуірде № 27505 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысының 15-тармағының 219) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 03.12.2024 № 102 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қызметі туралы ереже бекітілсін.

2. "Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қызметі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 321 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11310 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мемлекеттік денсаулық сақтау басқармаларының жергілікті органдары (келісім бойынша) осы бұйрыққа сәйкес медициналық ұйымдарда дәрігерлік-консультациялық комиссиялар құруды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі

A. Финият

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2022 жылғы 7 сәуірдегі
№ КР ДСМ – 34
бұйрықпен бекітілген

Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қызметі туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қызметі туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандығы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 219) тармақшасына сәйкес әзірленді және меншік нысанына және ведомстволық тиістілігіне қарамастан медициналық ұйымдарда құрылатын дәрігерлік-консультациялық комиссияның (бұдан әрі–ДКК) қызметін регламенттейді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - КР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 03.12.2024 № 102 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) дәрігерлік-консультациялық комиссия – меншік нысанына және ведомстволық тиістілігіне қарамастан, медициналық ұйымда құрылатын комиссия еңбекке уақытша қабілетсіздігін сараптау үшін пациентті жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызмет көрсетуге жіберу, адамның ағзаларын (ағзаларының бөлігін) және (немесе) тіндерін (тіннің бөлігін) трансплантаттау, пациенттерді медициналық-әлеуметтік сараптамаға жіберу, аурудың бар-жоғын анықтаған кезде баланы үйге оқытуға жіберу, бақылау, мониторинг, дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен тегін және (немесе) женілдікпен амбулаториялық қамтамасыз етудің тиімділігін бағалау және негізділігі мәселелерін шешу;

2) жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – ЖТМК) – диагностика мен емдеудің инновациялық, ресурс қажет ететін және (немесе) бірегей әдістерін пайдалануды талап ететін аурулар кезінде бейінді мамандар көрсететін қызмет;

3) медициналық куәландыру (бұдан әрі – куәландыру) – жеке тұлғаны онда аурудың болу немесе болмау фактісін анықтау немесе растау, денсаулық жағдайын айқындау мақсатында зерттең-қарау;

4) мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасы (бұдан әрі – АОЖБ) – мүгедекті оңалтуды жүргізуінің нақты көлемін, түрлері мен мерзімдерін айқындастырын күжат.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 30.11.2022 № ҚР ДСМ-146 (алғашкы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.

3. ДКК өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін және осы Ережені басшылыққа алады.

2-тарау. Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қызметін ұйымдастыру

4. ДКК медициналық ұйым басшысының бүйрүғымен құрылады. ДКК құрамы, мүшелерінің саны, жұмыс тәртібі және жұмыс кестесі медициналық ұйым басшысының бүйрүғымен бекітіледі.

ДКК құрамына төраға, комиссия мүшелері және хатшы кіреді.

ДКК құрамы немесе жұмыс тәртібі және жұмыс кестесі өзгерген кезде өзгерістер және (немесе) толықтырулар тиісті бүйрүққа енгізіледі.

5. ДКК жұмысина қажет болған жағдайда медициналық ұйымдардың мамандары, жоғары оқу орындарының, ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтардың қызметкерлері тартылады.

6. ДКК төрағасы болып медициналық ұйымның басшысы орынбасарының бірі тағайындалады.

7. ДКК төрағасы:

1) ДКК жұмысын басқарады;

2) "Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 бүйрүғына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32922 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 260 бүйрүғы) сәйкес еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасының мәселесі бойынша ережелерді және тіршілік-тынысының шектелуі критерийлерін дәрігерлердің зерделеуін қамтамасыз етеді;

- 3) дәрігерлердің біліктілігін арттыру бойынша іс-шараларды ұйымдастырады;
- 4) еңбекке уақытша жарамсыздық парагын және анықтамасының дұрыс толтырылуын бақылайды;
- 5) ДКК жұмысының дұрыс ұйымдастырылуын, қабылданатын шешімдер мен қорытындылардың сараптау негізdemесін қамтамасыз етеді;
- 6) жұмыс қорытындысы бойынша медициналық ұйымның басшысына ДКК жұмысы туралы тоқсандық және жылдық есептерді ұсынады.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 03.12.2024 № 102 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. "Денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауды жүргізу, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданылуын растау қагидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде медициналық білімі алған адамды денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауға жіберу шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-274/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21818 болып тіркелген) сәйкес біліктілік санаты беріле отырып маман сертификаты бар, жоғары және орта медициналық білімі бар медицина қызметкері ДКК хатшысы болып тағайындалады.

ДКК хатшысын медициналық ұйымының басшысы тағайындейды.

9. ДКК хатшысы:

- 1) ДКК жұмысын ұйымдастыруға байланысты материалдарды дайындауды жүзеге асырады;
- 2) ДКК мүшелеріне, пациенттерге ДКК отырысының өткізілу күні мен уақыты туралы хабарлайды;
- 3) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндептін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген медициналық құжаттаманы (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығы) толтырады;
- 4) ДКК шешімінің хаттамасын ресімдейді, ДКК төрағасына атқарылған жұмыс туралы есептерді әзірлейді.

10. ДКК медициналық ұйымың басшысы бекітken жоспар-kestенің негізінде аптасына 1 реттен сирек емес отырыстар өткізеді.

11. Дәрігерлік комиссияның отырысы күндізгі нысанда және (немесе) онлайн бейнеконференцбайланыс арқылы (комиссия мүшелері әртүрлі өнірлерде болған жағдайда) өткізіледі.

ДКК-ның жоспардан тыс отырыстары ДКК төрағасының шешімі бойынша өткізіледі.

12. ДКК пациентті медициналық қарап-тексеруден, оның медициналық құжаттарын, клиникалық-диагностикалық тексерулер нәтижелерін, жүргізілген емдеу және медициналық оңалту нәтижелерін, еңбек, кәсіп жағдайлары мен сипатын бағалаудан кейін шешім қабылдайды.

ДКК шешімі ДКК отырысына қатысушылардың жалпы санының көшілік даусымен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда дәрігерлік комиссияның төрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

13. ДКК шешімі ДКК отырысының хаттамасымен ресімделеді, онда медициналық ұйымның атауы, отырысты өткізу күні, ДКК-ға қатысушы мүшелердің тізімі, талқыланатын мәселелердің тізбесі, шешім және оның негіздемесі қамтылады.

14. ДКК шешімі №ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген 052/е "Амбулаториялық пациенттің медициналық картасы", 054/е "Амбулаториялық пациенттің статистикалық картасы", 025/е "Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындыларын жазуға арналған журнал", 026/е "Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы", 058/е "Стоматологиялық науқастың медициналық картасы (санацияны қоса алғанда)", 077/е "Жүкті және босанған әйелдің жеке картасы", ТБ 014/е "Туберкулезben ауыратын науқастың медициналық картасы" нысанындағы бастапқы медициналық құжаттамаға енгізіледі, ДКК төрағасы мен қатысқан мүшелері қол қояды.

3-тaraу. Дәрігерлік-консультациялық комиссияның міндеттері мен функциялары

15. ДКК міндеттері:

1) ДКК ұсынылған пациенттерге медициналық көмек көрсету сапасын бағалау;

2) ДКК-ға жіберілген пациенттерге емдеу-диагностикалық, оңалту іс-шараларын жүргізудің диагностикалау мен емдеудің клиникалық хаттамаларына, денсаулық сақтау саласындағы медициналық көмек көрсету стандарттарына сәйкестігін бақылау;

3) емдеу-диагностикалық, оңалту іс-шараларын жүргізудің диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларына, ұзақ ауыратын (кемінде екі ай) пациенттерге денсаулық сақтау саласындағы медициналық көмек көрсету стандарттарына сәйкестігін бақылау;

4) мүгедектігі адамның АОЖБ - қа медициналық бөлігінің іске асырылуын бақылау;

5) пациенттерді МӘС-қа уақтылы және негізделген түрде жіберу;

6) АОЖБ-ның медициналық бөлігін қоса алғанда, пациенттерді МӘС-ке жіберу кезінде медициналық есепке алу құжаттамасын ресімдеу мерзімдері мен сапасын бақылау;

7) ДКК-ға жіберілген пациенттердің денсаулық жағдайын бағалау және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ДКК қорытындысын шығару;

8) еңбекке уақытша жарамсыздық парактарын немесе анықтамаларын беруді және ұзартуды бақылау;

9) МӘС-ке негізсіз жіберуге талдау жүргізу және ДКК қызметін жақсарту жөнінде шаралар қабылдау;

10) ДКК құзыретіне жататын мәселелер бойынша МӘС аумақтық бөлімдерімен өзара іс-қимыл жасау.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 30.11.2022 № ҚР ДСМ-146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

16. ДКК функциялары:

1) "Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парагын немесе анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21660 болып тіркелген) сәйкес еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасын өткізу;

2) басқа қаладан келген адамдарға (тұрақты тұратын жерінен тыс жерлерде жүргендерге, қандастарға, босқындарға және пана іздеген адамдарға, Қазақстан Республикасының аумағындағы шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға уақытша еңбекке жарамсыздық парагын немесе анықтамасын беруге рұқсат ету;

3) шетелде болған кезде ауруларды, жарақаттарды бастан өткерген Қазақстан Республикасының адамдарына еңбекке уақытша жарамсыздық парагын немесе анықтамасын беруге рұқсат ету;

4) пациентті жоғары технологиялық медициналық қызметтер (бұдан әрі – ЖТМК) көрсетуге жіберу, адам ағзаларын (ағзасының бөлігін) және (немесе) тіндерін (тіннің бөлігін) және тіндерін транспланттау мәселелері бойынша шешім қабылдау;

5) № 260 бүйрығына сәйкес пациенттерді МӘС-ке жіберу және МӘС-ке жіберу мерзімдерін айқындау мәселелері бойынша, оның ішінде емделуде инновациялық медициналық технологиялар қолданылған адамдарды МӘС-ке жіберу мәселелері бойынша шешім қабылдау;

6) "Қазақстан Республикасының белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтарының жекелеген санаттарын тегін және (немесе) женілдікті амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-75 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23885 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-75 бүйрық) сәйкес қымбат және ұзақ емделу кезінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қажеттілігін айқындау;

7) осы Ереже 1-қосымшаға сәйкес баланы үйде оқыту көрсетілген аурулар тізімінде көрсетілген аурудың бар-жоғы анықталған кезде оны үйде оқытуға жіберу;

8) № КР ДСМ-75 бұйрыққа сәйкес белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтардың жекелеген санаттарын дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен тегін және (немесе) женілдікпен қамтамасыз етудің негізділігі мәселелерін бақылау, мониторингілеу, тиімділігін бағалау және шешу.

Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 03.12.2024 № 102 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. ДКК № КР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген 026/е нысаны бойынша медициналық қорытынды береді:

1) дәрілік затқа жеке төзбеушіліктің болуы немесе болмауы туралы, оның ішінде пациенттің көмек пен қутімнің қосымша түрлеріне қажеттілігін айқындай отырып, мәліметтері бар пациенттің денсаулық жағдайы туралы;

2) белгілі бір қызметті жүзеге асыруға тұрақты немесе уақытша медициналық қарсы айғақтардың болуы туралы;

3) жұмыскерді басқа жұмысқа ауыстыру үшін пациенттің денсаулық жағдайы туралы;

4) еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиға нәтижесінде, сондай-ақ кәсіптік ауруы, олардың ауырлық дәрежесі анықталған кезде пациенттің денсаулығына келтірілген зақымдардың болуы туралы;

5) санаторийлік-курорттық емдеуді жүргізу үшін көрсетілімдер (қарсы көрсетілімдер) туралы;

6) "Медициналық оңалту көрсету қагидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 7 қазандағы № КР ДСМ-116/2020 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21381 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес стационарлық емдеуден кейін оңалтуға, оның ішінде мамандандырылған санаторийлік-курорттық ұйымдарға (бөлімшелерге) жіберу үшін;

7) медициналық және әлеуметтік көрсеткіштер бойынша жүктілікті жасанды үзуге жіберу туралы;

8) жұмысқа орналастыру кезінде азаматтарды медициналық куәландырудан өткізу нәтижелері туралы мәліметтерді ұсынады;

9) денсаулық сақтау саласындағы уәкілдегендегендеген органдар белгілеген қару ұстаяға кедергі жоқ екені туралы медициналық қорытынды және Қазақстан Республикасының азаматтығын растайтын құжатты жүргізу нәтижелері туралы;

10) бала асырап алушы, қорғаншы (қамқоршы) болуға ниет білдірген азаматтарды медициналық куәландырудан өткізу нәтижелері туралы;

11) кемтар 18 жасқа дейінгі балаларды ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің келісімімен психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға жіберу туралы;

12) жоғары оқу орындарының студенттеріне, мектептердің, колледждердің (техникумдардың), кәсіптік-техникалық училищелердің оқушыларына академиялық демалыс беру, аудиу және бітіру емтихандарынан босату, дene жүктемесін шектеу бойынша, денсаулық жағдайы бойынша басқа факультетке немесе басқа оқу орнына аудистыру туралы;

13) үйде оқыту мәселесін шешу үшін баланың денсаулық жағдайы туралы;

14) денсаулық жағдайы бойынша үйде оқытылған тұлекторге, ұзақ емделуге мұқтаж және балаларға, сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған санаториялық үлгідегі емдеу-профилактикалық және (немесе) сауықтыру білім беру мекемелерінде болған балаларды мемлекеттік (қорытынды) аттестаттаудан өткізу туралы мәселені шешу үшін пациенттің денсаулық жағдайы туралы.

15) дene шынықтыру сабактарынан босату үшін мектептер, колледждер (техникумдар), кәсіптік-техникалық училищелер оқушыларының, жоғары оқу орындары студенттерінің денсаулық жағдайы туралы;

16) ЖТМК және шетелде емдеу көрсететін медициналық ұйымдарда консультация жүргізуге және (немесе) емдеуге жатқызу мәселелерін шешу үшін пациентті облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары жанындағы комиссияларға жіберу үшін;

17) адамдардың протездермен (тіс протездерінен басқа), протездік-ортопедиялық бүйімдармен қамтамасыз етілу қажеттілігі туралы;

17) МӘС-ке консультация мақсатында жіберілген, үйде, стационарлық жағдайда немесе сырттай қуәландыру (қайта қуәландыру) қажет болған жағдайда, АОЖБ-ның әлеуметтік және кәсіптік бөлігін қалыптастыруға немесе түзетуге жіберілген жағдайларда жүргізіледі.

Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді – КР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 30.11.2022 № КР ДСМ-146 (алғашкы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

18. ДКК қорытындыларының қолданылу мерзімдері осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес айқындалады.

Дәрігерлік-консультациялық
комиссияның қызметі туралы
ережеге
1-қосымша

Үйде оқытуды талап ететін аурулардың тізбесі

№	Аурудың коды және атауы
---	-------------------------

1.	C00-D48 Ісіктер
1.1.	Ұзақ иммunoсупрессивті терапия, аплазия, дәрілік заттардың жанама әсерлері кезіндегі әртүрлі ағзалардың қатерлі ісіктері, операциялық араласудан кейінгі жай-күй және трансплантаттау, қан ұноның айқын бұзылулары, мүгедек арбада болуды және қозғалуды қыннанататын, ауыр қимыл-қозғалыс бұзылыстары бар
2.	I00-I99 Қан айналым жүйесінің аурулары
2.1.	Ұзақ иммunoсупрессивті терапия кезіндегі апластикалық анемиялар, сүйек кемігін трансплантаттаудан кейінгі дәрілік заттардың жанама әсері
2.2.	Ұзақ иммunoсупрессивті терапия, дәрілік заттардың жанама әсерлері кезінде геморрагиялық пурпуралар және ауыр дәрежедегі басқа да геморрагиялық жағдайлар
2.3.	2 және 3-сатылы жүрек функциясының жеткіліксіздігімен жүретін жүрек аурулары
3.	E00-E90 Эндокриндік жүйе аурулары, тамақтану мен зат алмасуының бұзылуы
3.1.	Декомпенсация сатысындағы ауыр дәрежедегі I типті қант диабеті
4.	F00-F99 Психикалық бұзылулар мен мінез-құлқытың бұзылуы
4.1.	Шизофрения, мінез-құлқының тұрақты, елеулі, бақыланбайтын бұзылулары бар фармакорезистентті шизотиптік және сандырақтық бұзылулар
4.2.	Үрейлі-фобиялық бұзылулар фармакорезистентті, мінез-құлқының тұрақты, елеулі, бақыланбайтын бұзылулары бар
4.3.	Мінез-құлқының тұрақты, елеулі, бақыланбайтын бұзылулары бар ақыл-ой кемістігі (женіл, орташа)
4.4.	Ауыр дәрежедегі психологиялық дамудың жалпы бұзылулары, фармакорезистентті, мінез-құлқының тұрақты, елеулі, бақыланбайтын бұзылулары бар
4.5.	Мінез-құлқының ауыр дәрежедегі гиперкинетикалық және басқа да бұзылулары, фармакорезистентті, мінез-құлқының тұрақты, елеулі, бақыланбайтын бұзылулары бар
4.6.	Ауыр дәрежедегі аралас вокализмдер мен көптеген моторлы тиктер (оның ішінде де ла Туретта синдромы), фармакорезистентті, тұрақты, елеулі, бақыланбайтын мінез-құлқытың бұзылулары бар
4.7.	Ауыр дәрежедегі бейорганикалық табиғаттың энкопрезі, фармакорезистентті
5.	G00-G99 Нерв жүйесінің аурулары

5.1.	Бұлшық еттің жұлындық атрофиясы және мүгедектер арбасында болуды және қозгалуды қыннадатын ауыр қозгалу бұзылыстары бар солар тектес синдромдар
5.2.	Иммуносупрессивті терапияны ұзак қолдану, дәрілік заттардың жанама әсері, ауыр қозғалыс бұзылыстары бар, мүгедектер арбасында болуды және қозгалуды қыннадатын нерв жүйесінің нақтыланған дегенеративті аурулары
5.3.	Иммуносупрессивті терапияны ұзак қолдану, дәрілік заттардың жанама әсері кезінде, ауыр қозгалу бұзылыстары бар, мүгедектер арбасында болуды және қозгалуды қыннадатын орталық нерв жүйесінің демиелинизациялық аурулары
5.4.	Күндізгі үлкен жіңі ұстамалары бар тұракты терапиялық резистенттік, оның ішінде эпилептикалық мәртебенің даму қаупі бар эпилепсия (айна 1 реттен жіңі)
5.5.	Мүгедек арбада болуды және қозгалуды қыннадатын ауыр қозгалу бұзылыстары бар бұлшықет дистрофиясы
5.6.	Мүгедек арбада болуды және қозгалуды қыннадатын ауыр қозгалу бұзылыстары бар туда біткен миопатиялар
5.7.	Мүгедек арбада болуды және қозгалуды қыннадатын, ауыр қымыл-қозғалыс бұзылыстары бар балалар церебральды сал ауруы және әртүрлі этиологиядағы салдың басқа да түрлері
6.	J00-J99 Тыныс алу ағзаларының аурулары
6.1.	2 және 3 ауырлық дәрежесіндегі тұракты созылмалы респираторлық жеткіліксіздігімен қоса жүретін тыныс алу ағзаларының аурулары
7.	K00-K93 Ас корыту ағзаларының аурулары
7.1.	Ауыр дәрежедегі тұракты созылмалы бауыр жеткіліксіздігі қоса жүретін аурулар
8.	L00-L99 Тері және тері асты шелмайының аурулары
8.1.	Ұзақ иммуносупрессивті терапия, дәрілік заттардың жанама әсері кезінде ауыр дәрежедегі әртүрлі этиологиядағы дерматиттер
9.	M00-M99 Сүйек-бұлшық ет жүйесі мен дәнекер тінінің аурулары
9.1.	Ұзақ иммуносупрессивті терапия, дәрілік заттардың жанама әсері кезінде ауыр дәрежелі полиартропатия
9.2.	Ұзақ иммобилизацияны талап ететін және қозгалуын шектейтін ауыр дәрежедегі әртүрлі этиологиядағы буындардың закымдануы, хирургиялық араласудан кейінгі жай-күйлер

9.3.	Ұзақ иммunoсупрессивті терапия, дәрілердің жанама әсері кезіндегі дәнекер тіндердің жүйелі зақымданулары
10.	N00-N99 Несеп-жыныс жүйесінің аурулары
10.1.	Ауыр дәрежедегі созылмалы бүйрек функцияларының жеткіліксіздігі бар бүйрек аурулары
11.	S00-T98 Жарақаттар
11.1.	Хирургиялық емдеуді талап ететін бас сүйек күмбезінің кемістігі болуымен асқынған бас жарақатының салдары
11.2.	Гипсті таңғышта ұзақ иммобилизацияны қажет ететін және өздігінен қозғалуды шектейтін мойын мен дененің, аяқ-қолдардың жарақаттарының салдары
12	Q00-Q99 Туа біткен ауытқулар (даму кемістіктері), деформациялар мен хромосомалық бұзылулар
12.1	Ауыр дәрежедегі ағзалар мен жүйелердің зақымдануы, ауыр қозғалыс бұзылулары бар, мүгедек арбада болуды және жүруді қындаатын, ауыр қимыл-қозғалыс бұзылыстары бар, хирургиялық емдеуді және түзетуді қажет ететін, хирургиялық арапасудан кейінгі жағдай

Дәрігерлік-консультативтік
комиссияның қызметінің
ережесіне 2-қосымша

Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындыларының қолданылу мерзімдері

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – КР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 30.11.2022 № КР ДСМ-146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

p / c	Қорытындының атауы	Қолданылу мерзімі
1.	Дәрілік затқа жеке төзбеушіліктің болуы немесе болмауы туралы, оның ішінде пациенттің көмек пен күтімнің қосымша түрлеріне қажеттілігін айқындаі отырып, мәліметтері бар пациенттің денсаулық жағдайы туралы	6 ай
2.	Қызметкерді басқа жұмысқа ауыстыру үшін пациенттің денсаулық жағдайы туралы	3 ай (жүктілік кезеңінде – жүктілік және босану бойынша демалысқа шығуға дейін)
3.	Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиға нәтижесінде, сондай-ақ кәсіптік ауруы, олардың ауырлық дәрежесі анықталған	3 ай

	кезде пациенттің денсаулығына келтірілген зақымдардың болуы туралы	
4.	Санаторийлік-курорттық емдеу жүргізу үшін көрсетілімдердің (карсы көрсетілімдердің) болуы туралы	3 ай
5.	Стационарлық емдеуден кейін оналтуға, оның ішінде мамандандырылған санаторийлік-курорттық ұйымдарға (бөлімшелерге) жіберу үшін көрсетілімдер болуы туралы	2 ай
6.	Медициналық және әлеуметтік көрсеткіштер бойынша жүктілікіт жасанды үзуге жіберу туралы	Жүктілікті ұзу сәтіне дейін
7.	Жұмысқа орналастыру кезінде азаматтарды медициналық куәландырудан өткізу нәтижелері туралы	12 ай
8.	Қаруды сатып алу, сақтау, алып жүру құқығына лицензия беру үшін азаматтарды медициналық куәландырудан өткізу нәтижелері туралы	12 ай
9.	Бала асырап алушы, қорганшы (камкоршы) болуға ниет білдірген азаматтарды медициналық куәландырудан өткізу нәтижелері туралы	6 ай
10.	Кемтар 18 жасқа дейінгі балаларды ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің келісімімен психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға жіберу туралы	6 ай
11.	Жоғары оқу орындарының студенттеріне, мектептердің, колледждердің (техникумдардың), кәсіптік-техникалық училищелердің оқушыларына академиялық демалыс беру, аудиту және бітіру емтихандарынан босату, дене жүктемесін шектеу, денсаулық жағдайы бойынша басқа факультетке немесе басқа оқу орнына аудыстыру туралы	3 ай
12.	Үйде оқыту мәселесін шешу үшін баланың денсаулық жағдайы туралы	Ауруға байланысты оқу жылының қорытындысында көрсетілген 1 айдан аяғына дейін

13.	<p>Денсаулық жағдайы бойынша үйде оқытылған тұлектерге, ұзак емделуге мүктаж және балаларға, сондай-ақ мүгедектің бар балаларға арналған санаторийлік үлгідегі емдеу-профилактикалық және (немесе) сауықтыру білім беру мекемелерінде болған балаларды мемлекеттік (корытынды) аттестаттаудан өткізу туралы мәселені шешу үшін баланың денсаулық жағдайы туралы</p>	3 ай
14.	<p>Дене шынықтыру сабактарынан босату үшін мектептер, колледждер (техникумдар), кәсіптік-техникалық училищелер оқушыларының, жоғары оку орындары студенттерінің денсаулық жағдайы туралы</p>	Ауруға байланысты оқу жылының корытындысында көрсетілген 1 айдан аяғына дейін
15.	<p>Жоғары технологиялық медициналық қызметтер және шетелде емдеу көрсететін медициналық ұйымдарда консультация жүргізуге және (немесе) емдеуге жатқызу мәселелерін шешу үшін пациентті облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары жаңындағы комиссияға жіберу туралы</p>	1 ай
16.	<p>Адамдардың протездермен (тіс протездерінен басқа), протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз етілу мүктаждығы туралы</p>	12 ай
17.	<p>Консультация мақсатында медициналық- әлеуметтік сараптауга жіберілген, үйде, стационарлық жағдайда немесе сырттай куәландыру (қайта куәландыру) қажет болған жағдайда, мүгедектің бар адамдарды оналтудың жеке бағдарламасының әлеуметтік және кәсіптік бөлігін қалыптастыруға немесе түзетуге жіберу туралы.</p>	1 ай

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК